

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы**

**Күшін жойған**

Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2017 жылғы 9 ақпандағы № 6 /7 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 ақпанда № 4159 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 2018 жылғы 12 сәуірдегі № 16/3 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімдігінің 12.04.2018 № 16/3 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңының 6-бабы 4-тармағы 8-1) тармақшасына сәйкес, Теміртау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Ғалымжан Оспанұлы Спабековке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ғ. Әшімов

Теміртау қаласы әкімдігінің  
2017 жылғы 9 ақпандағы  
№ 6/7 қаулысымен бекітілген

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері**

р/с №	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ата-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік

1	Балабақша (бөбекжай)	4902	-	3 жасқа дейін 8029 3 жастан 6 жасқа дейін 9912	-
2	Мектепке дейінгі шағын орталық толық күн болуымен	338	339	3 жастан 6 жасқа дейін 10605	-
3	Мектепке дейінгі шағын орталық жарты күн болуымен	-	50	-	-

р/с №	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі	Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) кем емес		Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге)	
		мемлекеттік	жеке меншік	мемлекеттік	жеке меншік
1	Балабақша (бөбекжай)	23150	-	23150	-
2	Мектепке дейінгі шағын орталық толық күн болуымен	16388	17000	16388	17000
3	Мектепке дейінгі шағын орталық жарты күн болуымен	-	13260	-	13260

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК